

Қайырлы күн, құрметті
конференцияға қатысушылар!

▶ Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының дидактикалық, педагогикалық, психологиялық негіздемесі С.Рубинштейн, Л. С.Выготскийдің, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Ю.К.Бабанский, Б. П.Беспалько, В.М.Монахов т.б. ғалымдардың ғылыми-теориялық идеяларына негізделіп жасалған. Ж. Қараев және Б. Кобдиқованың еңбектерінде де деңгейлік оқыту әдістемесі туралы көптеген мәліметтер кездестіруге болады.

▶ Ж. Қараевтің оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау технологиясы пәнге деген қызығушылықты арттыратын технология ретінде танылды. «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының» негізгі идеясы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында оқушыны өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады.

Тілдік дағдыны қалыптастырудағы саралау тәсілін қолдану

Мақсаты: оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды зерттей отырып әрқайсысына оңтайлы жұмыс түрін анықтау.

Нәтиже. Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмамен жұмыс істейді, мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз – сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойлағандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

Саралап оқытудың маңыздылығы

Оқушы үшін

Сабақта жаппай жұмыс істеуге әкеледі;
Бос отырған оқушы болмайды;
Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады;
Қиындықтарды жеңе білуге дағдыланады, пәнді оқып үйренуге қызығушылығы пайда болады.
Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Мұғалім үшін

Жеке тұлға ерекшеліктеріне:
психикалық даму ерекшеліктеріне;
пән бойынша білімді игеру деңгейіне;
оқушының білімімен іс-әрекет тәсіліне назар аударып, көңіл бөледі.

Нәтижесінде

Мұғалімдерге оқушылардың мүмкіндіктерін анықтауға, ерекшеліктерін ескеруге, қызығушылықтарын арттыруға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оқушыларға өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтап жетілдірулеріне, тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай және де таңдап орындауларына жол ашады.

Саралап оқытудың тәсілдері

Тапсырма бәріне бірдей таныстырылады, ал орындалу кезеңі төмендегідей болуы мүмкін:

- 1 топ-мұғаліммен бірге;
- 2 топ- алдымен мұғаліммен, содан кейін өз бетінше;
- 3 топ- өз бетінше

Тапсырмалардың нұсқалары қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді.

- 1-нұсқа- негізгі тапсырма;**
- 2-нұсқа-көлемі үлкендеу тапсырма;**
- 3-нұсқа- шығармашылық тапсырма**

Нәтижесінде

Оқушы алдына қойған мақсатына жете алады;
Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігі, іскерлігін біліп ғана қоймай оны дамытады;
Өз бетімен ізденіс дағдылары, шығармашылық қабілеттері жетілген, шығармашыл тұлға қалыптасады

Тапсырма түрлері

1 деңгей. Репродуктивті деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім беру негізіндегі тапсырмалар

1. Мәтіннен зат есімдерді теріп, жекеше және көпше түрінде жазыңыз.
2. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.
3. Берілген етістіктердің болымсыз түрін құрыңыз.
4. Сын есімдерді есте сақтаңыз.
5. Төмендегі сөздерге III жақта тәуелдік жалғауларын жалғап шығыңыз.

2 деңгей. Алгоритмдік деңгей. Оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

1. Берілген сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.
2. Өлеңді оқып, өлеңнің негізгі идеясын ашу.
3. Сөздерді сөз құрамына талда.
4. Нүктенің орнына керекті сөздерді қойыңыз.
5. Сөздердің антонимдерін табыңыз.

3 деңгей. Эвристикалық деңгей. Оқушы берілген тапсырмаларды өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді найдалана отырып, жауап береді.

1. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.
2. Сөз тіркестерін есіңізге сақтап қалыңыз.
3. Мінездеме беріңіз.
4. Берілген сөздермен сөйлем құрастыр.
5. Эссе жазыңыз.



Назарларыңызға рақмет!